

ӘОЖ 81'38

Б.А. Омарова,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ф. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: o.banu71@mail.ru

Сілтеу есімдіктері – Абай прозасының стильдік нормасы

Мақалада Абайдың қара сөздеріндегі сілтеу есімдіктерінің қолданылу ерекшеліктері туралы сөз болады. Абай прозасының тілі оның поэтикасы сияқты көптеген зерттеулерге объекті бола алады. Абай тілінде ерекше қолданысқа ие болған сөздердің бірі есімдіктер болып табылады. Қара сөздердің құрамдас бөлігін құрайтын сол есімдіктердің бір түрі – сілтеу есімдіктері екендігі айтылады. Сілтеу есімдіктерінің грамматикалық амал-тәсілдері мен стильдік қызметі біршама талданады. Абайдың қара сөздеріндегі сілтеу есімдіктері, негізінен, стильдік мақсатты көздейтіні сөз етіледі. Тіліміздегі ол, сол, бұл есімдіктерінің қара сөздерді баяндау желісіндегі маңызды орны айқындалады.

Түйін сөздер: сілтеу есімдіктері, стильдік бояу, қайталаулар, синтаксистік параллельдер.

B.A. Omarova

Demonstrative pronouns as the stylistic norm of the prose of Abay

The article considers the peculiarities of the use of demonstrative pronouns in the words of edification of Abay. The language of prose and poetics of Abay may be the object of investigation for many research papers. In the language of Abay a special place is occupied by pronouns. The article says that the demonstrative pronouns are part of the vocabulary words of edification. The author analyzes the grammatical techniques and stylistic function of demonstrative pronouns. Demonstrative pronouns in the words of edification of Abay are generally regarded as a stylistic norm. Attention is drawn to the fact that such demonstrative pronouns in the Kazakh language as *ol*, *sol*, *bul* have a special stylistic and emotional colouring.

Key words: demonstrative pronouns, stylistic coloring, repetition, syntactic parallels.

Б.А. Омарова

Указательные местоимения – стилистическая норма прозы Абая

В статье рассматриваются особенности применения указательных местоимений в словах назидания Абая. Язык прозы Абая, как и его поэтика, может быть объектом для многих исследовательских работ. В языке Абая особое место занимают местоимения. В статье говорится о том, что указательные местоимения являются составной частью лексики слов назидания. Автор анализирует грамматические приемы и стилистическую функцию указательных местоимений. Указательные местоимения в словах назидания Абая, в основном, рассматриваются как стилистическая норма. Обращается внимание на то, что такие указательные местоимения в казахском языке как *ол*, *сол*, *бұл* имеют особую стилистическую и эмоциональную окраску.

Ключевые слова: указательные местоимения, стилистическая окраска, повторения, синтаксические параллели.

Аса көрнекті ақын-жазушылар шығармаларының тілі екі тұрғыдан зерттеледі. Бірі – оның әдебиеттегі орны, өзіндік қолтаңбасы мен сіңірген еңбегін анықтау болса, екіншісі – оның қаламынан туған шеберлік тәсілдері, әр алуан тіл-

дік ерешеліктерін тану. Абай тілін сөз еткенде, ұлы ақынның әдеби тілде көркем шығармалар тудырып қана қоймай, оны жаңаша қырынан көрсетіп, әлдеқайда сапалы деңгейге көтерген суреткер екендігін ескерген жөн. Жалпы хакім

Абайдың тілін зерттеуге даңғыл жол ашып берген Алаш ардақтылары А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхан болатын. Ал Қ. Жұбанов осы бағыттағы зерттеуді шын мәніндегі ғылыми деңгейге көтеріп, құнды пікірлер айта білді. Сондай-ақ М. Әуезов, І. Жансүгіров, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев сияқты ақын-жазушылар мен ғалымдардың абайтану саласына қосқан үлесі зор болды.

Абайтану саласының аса өзекті саласы – оның шығармалары тілінің стилистикасы мен грамматикасын зерттеп тану деп білеміз. Осы орайда Қ.Жұбановтың мына сөздері еске оралады: «Абайдың тілінің сөздігі (лексикасы), грамматикасы, Абай өлеңінің өлшеуі, ырғағы, ұйқасымы, Абай суретінің бейнесі – бәрі бірге қосылып та, жеке тұрып та негізгі тақырыптың күйіне билеп тұрады. Оның сөздері тек бермек ұғымын жеткізерлік амал болып қоймайды; бірі олай, бірі бұлай да кетпейді; солардың әрқайсысы, үлкен симфония оркестріндегі жеке музыка аспаптары сияқты, өздері бір-бір күй тартып тұрады да, бәрі қосылып негізгі күйді шығарады, тақырып соның бәріне дирижер болып тұрады» [1, 258]. Р. Сыздықованың «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» деп аталатын монографиясы – Абай тілінің грамматикасын саралайтын бірден-бір еңбек. Бұл еңбекте Абай шығармалары тілінің сөздік құрамы, синтаксистік амал-тәсілдері, ұйқасы, өлшемі, композициясы жан-жақты талданады.

Ұлы ақынның «сезімшіл ойын» паш ететін рухани мұрасының бір тармағы – оның қара сөздері. Қара сөздердің идеялық мазмұны қаншалықты терең болса, оның сыртқы келбеті де соншалықты әсем, сұлу. Оның әрбір сөзі өзінің мазмұнына лайық түрге оранған. Яғни, өлеңдері сияқты ақынның қара сөздері де әр алуан грамматикалық формаларға өте бай. Профессор Р. Сыздық айтқандай, «Абай тілінің лексикалық, грамматикалық сипатын танымайынша, Абай тұсындағы әдеби тіліміздің «лингвистикалық регистрациясын» жасай алмаймыз» [2, 259]. Осы «лингвистикалық регистрацияны» жасауда ерекше орын алатын сөздердің бірі – есімдіктер. Есімдіктер қара сөздер лексикасының қомақты бір бөлігі десек, қателеспейміз. Олар қара сөздер мәтінінде әр алуан грамматикалық тұлға-тәсілдерде ерекше мән-мәнісімен көрініс тапқан. Жалпы қара сөздердің синтаксистік құрылысына назар аударған ғалымдардың бірі – профессор Т. Сайрамбаев еді [3, 126]. Ол қара сөздер

мәтініндегі есімді сөйлемдер мәселесін көтеріп, осы бағыттағы ғылыми ізденістерге жол ашып берді.

Қара сөздерде қазақ тіліндегі барлық сілтеу есімдіктері кездеседі деуге болады. *Ол, сол, бұл, осы, ана, мына, эне, міне* есімдіктері қара сөздер мәтінінде тілдік-грамматикалық құралдар ретінде өте орынды қолданылған. Олар, негізінен, стильдік мақсатты көздейді. Ақын өзінің ой-толғаныстарын оқырманға жеткізу үшін сілтеу есімдігі қатысты стильдік тәсілдерді өте шебер қолдана білген. Ең алдымен, *ол* есімдігі қара сөздер мәтінінде адамды көрсететін жіктеу есімдігі емес, заттар мен құбылыстарды, іс-әрекет пен сын-сапаны білдіретін сілтеу есімдігі ретінде көбірек жұмсалады. Қара сөздердегі *ол* сөзінің бір ерекшелігі – оның *осы, сол, бұл* сөздерімен қатар қолданылып, бір-біріне нұсқай айтылуында.

Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ештеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы. (3-сөз)

Егер онысы жалға жүргеніңде жаныңды қинап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, ол – ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі. Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? (29-сөз)

Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. (6-сөз)

Бұл үзінділерден байқайтынымыз: *ол* сөзінің микромәтіннің өн бойында қайталана жұмсалып арқылы алдын ала ескертілген дерексіз нәрселерге нұсқау қалпында қолданылуы. Әрі қарай баяндау желісін *осы, бұл* сөздері жалғастырады да, *ол* есімдігі меңзеген заттар мен құбылыстарға анафорикалық нұсқау қалпын білдіреді (3, 29-сөздер). Ал 6-сөзден алынған үзіндіде *осы, ол, сол* есімдіктері ойды баяндауда қатар қолданылып, біріне бірі меңзеп қолданылған. Бұл оқырманның назарын ерекше аударудың амал-тәсілі деп білеміз.

Ақын қолданған ерекше болып көрінетін грамматикалық тұлға-тәсілдердің бірі тағы да *ол*

сілтеу есімдігімен байланысты. Жалпы бұл есімдік кара сөздер мәтінінде өте жиі кездеседі және оны ерекшелендіріп тұрған нәрсе *оның үшін* деген формада берілуі. Мұнда қалыпты тілдік жағдай сақталмаған, өйткені мақсат мәнін үстейтін үшін шылауы атау септікті меңгеретін септеулік екендігі белгілі. Ілік септікті сілтеу есімдігінің үшін шылауымен тіркесуі арқылы да мақсаттық грамматикалық мағына сақталып тұр. Сөйтіп, оқырманға ой жеткізуді ерекше әсерлі еткен. Бұл форма, негізінен, діни (теологиялық) тақырыпты қозғаумен тығыз байланысты. Осынау күрделі тақырыпқа оқырманды тереңірек бойлату үшін қолданылған ақынның өзіндік стильдік мәнерінің бір көрінісі болса керек. Мысалы:

Оның үшін *білім-ғылымның өзіне гана құмар, ынтық болып, бір гана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады.* (32-сөз)

Оның үшін *ол алланың өзіне гашықтық.* Оның үшін *мүмкинатың ішінде не нәрсенің ужуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды* (38-сөз).

Оның үшін *өзге жолдағылардан «бәрекелді-ні» оңды күтпейді.* Оның үшін *кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкіректі тазалау керек дейді, онан соң зибадат қыл дейді.* (44-сөз)

Қалыпты тілдік жағдайдан ауытқу Абайдың кара сөздерінің стильдік нормасына айналған. Солардың бірі – осы *несі екен* тіркесі. Бұл қиыса байланысқан тіркесте бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық тұлғаластығы сақталмаған. Предикат қызметіндегі сұрау есімдігі тәуелдік тұлғада болғандықтан, субъектінің де сол тұлғада болғандығын талап етеді. Алайда ақын стильдік мақсатта субъектілік сілтеу есімдігін нөлдік қалыпта қолданған (*онысы несі* немесе *осысы несі* деудің орнына *осы несі* деп берген).

Сілтеу есімдікті ерекше қолданыстар Абайдың кара сөздеріндегі теология мәселелерімен тығыз байланысты. Бұл мәселені тереңінен толғаған 38-сөз екендігі белгілі. Ақын мұнда тақырыпты ашу мақсатында араб-парсы сөздерін жиі қолданған. Солардың бірі – *һәмма* сөзі. Ол сөз *бұлардың һәммасы* тіркесі арқылы беріледі. Осы тіркеспен синонимдес *бұлардың бәрі* тіркесі де кара сөздер мәтінінде жиі кездеседі. Сөйтіп, *бұл* сілтеу есімдігі қатысты осындай тіркестер мәтіннің өн бойында ерекше әсер тудырады. Мысалы:

Бұлардың *һәммасы алла тағаланың затия субутия уә фиғлия сипаттары дұр.*

Хайуандарды асырайтұғын жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл иесі адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан. (38-сөз)

Абай прозасына тән баяндау стилінің тағы бір ерекшелігі – сілтеу есімдікті қайталаулар. Жалпы кара сөздер мәтініндегі қайталама сөздер мәселесін Р.Сыздық өз еңбектерінде қозғаған болатын. Ғалымның пікірінше, қайталама сөздер эмоция тудыру үшін жиі қолданылады [2: 544]. Абай қолданған қайталаулардың бір түрі белгілі бір сілтеу есімдігін мәтіннің өн бойында бірнеше рет қолдану болып келеді. Мәселен, төмендегі мысалдарға көңіл аударалық:

Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған софылық?

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ. (1-сөз)

... көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп.

Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп.

Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізін тұрды.

Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда.

Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. (2-сөз)

Бұл мақалдардан не шықты? Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма? (5-сөз)

Қайталама сөздердің қатарында ақын *осы, сол, бұл* есімдіктерін жиі келтіреді. Бұл есімдіктер мәтінде тұлғалас болып та, әр алуан тұлғада да кездесе береді. Тұлғалас есімдіктердің өзі контексте әртүрлі мағыналық қатынастарда жұмсалған. Мәселен, 1-сөздегі *осы* есімдігі бірде аттрибутивтік мағынада болса, бірде объекті-

ні білдіреді. Ал 2-сөздегі *сол* есімдігін субъектілік-предикаттық қатынаста және объекті ретінде де байқаймыз. Бірақ соған қарамастан қайталана қолданылған бұл есімдіктер мәтінге ерекше бір стилистикалық реңк беріп отыр. Мұның өзін хакім Абайдың баяндау шеберлігінің бір қыры деп түсінеміз.

Психологиялық параллелизмді өз өлеңдерінде шебер қолдана білген ұлы ақын бұл әдісті прозалық шығармаларына да арқау етті. Қара сөздер мәтінінде қатарлас, мөлшерлес, теңдес ұғымдар өте әсерлі қолданылған. Бұл жөнінде Р.Сыздық былай дейді: «Абайдың «Қара сөздері» текстерінен билер сөздеріндегідей ұйқасқа, өлшемге, ырғаққа, құрылған синтаксистік параллельдерді, образды фразеологизмдерді де, әсерлі теңеулерді де кездестіре аламыз ...» [2, 544]. Расында да, қара сөздер сөйлемдерінің кейбір лексика-грамматикалық байланыстарының үйлесімділікке, ұқсастыққа құрылуы ерекше көзге түседі. Мұндай параллельдердің біршама бөлігін сілтеу есімдіктері құрайды. Оның себебі сілтеу есімдіктеріне тән сөздердің негізгі лексикалық мағынасында, яғни, аралық қатынастарды көрсету қасиетінде болса керек. Ақын бұл сөздердің «жақындық» және «қашықтық» сияқты аралық қатынастарын негізге алған, сөйтіп, бұл екі ұғымды бір-біріне қарама-қарсы қолдана отырып, негізгі тақырыпты жеткізуге тырысқан.

Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол

неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмармызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз? (6-сөз)

Ол баланы не қылады? Осыдан басқасы бар ма? «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. (10-сөз)

Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. (11-сөз)

Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. (26-сөз)

Ол ана қулық қой, бұл мына қулық қой» деп, «оған бүйдей салсаң болмай ма?» деп бар оңбаған жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады. (42-сөз) деген сөйлемдерден ол-бұл, әне-міне, оны-мұны, ананы-мынаны, оның-мұның, ана-мына жұптаса қолданылған сілтеу есімдіктерін байқаймыз. Мұндағы үйлесімділік, шамаластық олардың тұлғасының біркелкі болуымен тығыз байланысты. Сілтеу есімдікті жұптар қара сөздер мәтінінде нөлдік тұлғада да, түрленген грамматикалық формада да кездесе береді. Сөйтіп, мәтінде эмоциялы мазмұнды сөйлемдер тізбегін құрайды. Мұның өзі ұлы ақынның ойды жеткізудегі стильдік-экспрессивтік мақсатын айқындаса керек.

Әдебиеттер

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 258 б.
- 2 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы, Арыс. 2004. – Б. 259-549.
- 3 Сайрамбаев Т., Оңалбаева К. Есімдер синтаксисінің кейбір мәселелері. – Алматы, 2005.

References

- 1 Jubanov Q. Qazaq tili jo'nindegi zertteuler. – Almati', 2010. – 258 b.
- 2 Si'zdi'q R. Abay ja'ne qazaqti'ng ultti'q a'debi'' tili. – Almati', Ari's. 2004. – B. 259-549.
- 3 Sayrambaev T., Ongalbaeva K. Esimder si''ntaksi''sining keybir ma'seleleri. – Almati', 2005.